

ЖШС «Балдырган» балабақшасы



БЕКІТЕМІН

ЖШС «Балдырган»  
балабақшасының  
менгерушісі

Э.Е.Нурова

2022 жыл қыркүйек

## БҰЙРЫҚ

### Қамқоршылық кеңесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №355 бұйрығын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. ЖШС «Балдырган» балабақшасында Қамқоршылық кеңесі құрылсын.
2. Қамқоршылық кеңес құрамы бекітілсін.
3. Қамқоршылық кеңес жұмысы ұйымдастырылып №355 бұйрықты басшылыққа ала отыра жүргізілсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз құзырымда қалдырамын.

Қамқоршылық кеңесінің \

өрайымы:

Э.Е.Нурова

Хатшы:

Хожахметова Л.К.



**БЕКІТЕМІН**  
**ЖШС «Балдырган»**  
**балабақшасының**  
**менгерушісі**  
**Э.Е.Нурова**

### Қамқоршылық кеңесінің

### 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	Атқарылатын жұмыстар	Жұмыс түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	ҚРБҒМ 27.07.2017ж №355 бұйрығымен бөбекжай бақша қамқоршылық кеңес ережесімен таныстыру Қамқоршылық кеңесінің төрағасы мен хатысын сайлау Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту	ұйымдастыру жұмыстары	қыркүйек	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Менгеруші
2	Бөбекжай бақша «Сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептермен жағдайларды болдырмау туралы» бұйрықтармен таныстыру	ұйымдастыру жұмыстары	қыркүйек	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Менгеруші
3	«Мектепке жол акциясы» барысында аз қамтылған ,көп балалы отбасы балаларына көмек көрсету	ұйымдастыру жұмыстары	қыркүйек	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Менгеруші
4	«Әке шаңырақ тірегі»	жарыс	желтоқсан	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
5	Қарттарым -асылым	дөңгелек үстел	желтоқсан	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
6	Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу бойынша асхана жұмысымен тағам сапасын тексеру кестесі	бақылау	желтоқсан	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
7	«Туған елге тағзым» жобасы	экскурсия	желтоқсан	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
8	Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру	ертеңгілік	желтоқсан	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
9	Наурыз- мерекем, Наурыз- берекем	ертеңгілік, іс шара	наурыз	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
10	Отбасы құндылықтары-	пікір талас	наурыз	Қамқоршылық

	балабақша тірегі			кеңесінің мүшелері
11	Отбасы күніне орай «Толағай»	спорттық жарыс	наурыз	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
12	Бөбекжай бақшасы бойынша соғыс және тыл ардагерлері, зейнеткерлерімен кездесу	дөңгелек стол	наурыз	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

## Қамқоршылық кеңестің отырысы

### Хаттама №1

Өткізілетін уақыт: 13.09.2022 жыл

Өткізілген орны: ЖШС «Балдырган» балабақшасы

Отырыстың басталуы: 14:30

Отырыстың аяқталуы: 15:30

Қатысқан адам саны: 5

#### Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның қамқоршылық кеңесінің 2021-2022 оқу жылы жұмысына талдау.
2. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын бекіту.
3. Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамын бекіту
4. Балабақшада «Сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды болдырмау» бұйрығымен таныстыру

#### Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Э.Е.Нурова сөз алып;

2021-2022 оқу жылы барысында атқарылған жұмыстармен таныстырды. «Менің таңдауым балаларға көмек көрсету» ұранымен республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында бөбекжай бақшасы тәрбиеленушілеріне әлеуметтік қолдау көрсету бағыты бойынша ата аналар қауымдастығының ерікті демеушілері көмек көрсетуімен 30000 теңге көлемінде мүгедек баласы бар ата ана Кабылбекова Данаға баласының мектепке қажетті кеңсе заттарымен, мектепке киетін киім әперілді. Сонымен қатар мерекелік іс шара өткізілді. Құрылтайшы балабақша бүлдіршіндеріне Аяз ата сыйлықтарын 65 балаға яғни бақша бүлдіршіндері мен балабақша қызметкерлерінің балаларына сыйлады. Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің ұсынысымен ата аналар қауымдастығы қолдауымен ұлттық дәстүрімізді балаларға насихаттау мақсатында Наурыз мерекесі ауқымды көлемде өткізілді. Көктемгі демалыс кезінде балабақша айналасын тазарту, көгалдандыру жұмысына ата аналар көмек көрсетті.

Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы биылғы оқу жұмыс жоспарымен таныстырды. Жұмыс жоспары бекітілді.

Үшінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы жаңа сайланған қамқоршылық мүшелерімен таныстырды. Кеңес мүшелері бір ауыздан ұсынысты қолдады.

Төртінші сұрақ бойынша балабақшада сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептермен жағдайларды болдырмау бұйрығымен таныстырылды.

Қаулы:

1. Балабақшаның қамқоршылық кеңесінің 2021-2022 оқу жылында атқарылған жұмысы қанағаттандырарлық деп есептелінсін.
2. 2022-2023 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын бекітілсін, одан әрі жандандырылсын.
3. Балабақша жаңа сайланған қамқоршылық кеңес мүшелері бекітілсін.
4. Сыбайлас жемқорлыққа жол берілмесін.

**Қамқоршылық кеңесінің төрағасы**



**Э.Е.Нурова**

**Хатшы**

**Хожахметова Л.К.**

## Қамқоршылық кеңестің отырысы

### Хаттама №2

Өткізілетін уақыт: 01. 12.2022 жыл

Өткізілген орны: ЖШС «Балдырган» балабақшасы

Отырыстың басталуы: 14:30

Отырыстың аяқталуы: 15:30

Қатысқан адам саны: 5

#### Күн тәртібінде:

1. «Әке шаңырақ тірегі» жарысын ұйымдастыру .
2. «Қарттарым – асылым» дөңгелек үстелін ұйымдастыру
3. Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу бойынша асхаа жұмысы мен тағам сапасын тексеру
4. «Туған өлкеге тағзым» экскурсия жасау
5. Балалардың шырша мерекесіне Аяз ата сыйлықтарын ұйымдастыру.

#### Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша қамқоршылық кеңес төрағасы Э.Е.Нурова сөз алып алғашқы сұрақ бойынша қысқаша мәлімет берді.

- «Әке шаңырақ тірегі» балабақша ата аналарымен жарыс ұйымдастыру, балабақша тәрбиешілеріне мұғаліміне іс шара жоспарын түзу тапсырмасы берілді.
- Екінші сұрақ бойынша Қамқоршылық кеңес мүшесі Хожахметова Л.К. балабақша алдына қойған жылдық міндеттері мен мақсаттардың бірі «Қарттарым-асылым» қызықты дөңгелек үстелді ұйымдастыруды педагог психологқа жүктеді.
- Үшінші сұрақ бойынша «Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу бойынша асхаа жұмысы мен тағам сапасын тексеру» бақылауды қамқоршылық кеңес мүшелері қаңтар айында жүргізеді.
- Төртінші сұрақ бойынша «Туған елге тағзым» жобасы бойынша ересек топ тәрбиеленушілерін ұлттық мұражайға экскурсияға апару, көлік мәселесін шешу, қауіпсіздік шараларын сақтау.
- Бесінші сұрақ бойынша балалардың шырша мерекесіне Аяз ата сыйлықтарын ұйымдастыру

Жарыс сөздер:

- Қамқорлық кеңесінің төрағасы балабақша құрылтайшысы хабарласып бүкіл балабақша балаларына жаңа жылдық сыйлықтарды өз қаржысына алатындықтарын, ата анадан ақша жинамау керектігін ескертті деді.
- Аталынған экскурсия. дөңгелек үстел, жарыстар күндері бөбекжай әкімшілігімен келісіліп, өткізілсін.

Қаулы:

1. Жоғарыда аталынған экскурсия. дөңгелек үстел, жарыстар күндері бөбекжай әкімшілігімен келісіліп, өткізілсін.

2. Балалардың жаңа жылдық мерекесіне бөбекжай құрылтайшылары арнайы киім тіккізуде. Аяз ата сыйлығын барлық балаға құрылтайшы жасайтын болды. Қауіпсіздік ережесі қатаң сақталынсын.

**Қамқоршылық кеңесінің төрағасы**



**Э.Е.Нурова**

**Хатшы**

**Хожахметова Л.К.**